

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Экономикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК

Торайғыров университетта

Экономическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3552

№ 1 (2024)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Экономическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ93VPY00029686

выдано
Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области экономики, управления,
финансов, бухгалтерского учета и аудита

Подписной индекс – 76133

<https://doi.org/10.48081/YYCZ8724>

Бас редакторы – главный редактор
Давиденко Л. М.
доктор PhD

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Гребнев Л. С., *д.э.н., профессор*
Шеримова Н. М., *магистр*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Шмарловская Г. А.,	<i>д.э.н., профессор (Беларусь);</i>
Кунязов Е. К.,	<i>доктор PhD, доцент;</i>
Алмаз Толымбек,	<i>доктор PhD, профессор (США);</i>
Мукина Г. С.,	<i>доктор PhD, ассоц. профессор, доцент;</i>
Алтайбаева Ж. К.,	<i>к.э.н.</i>
Мусина А. Ж.,	<i>к.э.н., ассоц. профессор, доцент;</i>
Титков А. А.,	<i>к.э.н., доцент;</i>
Омарова А. Р.	<i>технический редактор.</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***А. О. Сыздықова, Ж. К. Жетибаев**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

*e-mail: aziza.syzdykova@ayu.edu.kz

ЖАСЫЛ ОБЛИГАЦИЯЛАР НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУЫН ТАЛДАУ

Бұл зерттеу жасыл облигациялар нарығының ағымдағы жағдайын бағалауға бағытталған. Әдебиеттерді шолу әдісімен жүргізілген зерттеу жасыл облигациялардың қаржылық көрсеткіштерін, нарық көлемін, тұрақтылыққа әсерлерін және реттеуші өзгерістерді қарастырады. Жасыл облигациялардың қаржылық кірістілігі академиялық зерттеулер мен қолданыстағы әдебиеттердегі қаржылық есептер арқылы зерттелді. Бұл ретте нарықтағы жалпы жағдай мен өсу тенденцияларын анықтау үшін жүргізілген зерттеулердің қысқаша мазмұны берілген. Жасыл облигациялардың экологиялық және әлеуметтік тұрақтылық мақсаттарына қосқан үлесі де ерекше назар аударатын сала болды. Осы тұрғыда жасыл облигациялардың тұрақтылыққа әсері әдебиеттегі қолда бар ақпарат негізінде талқыланады. Сонымен қатар, жасыл облигациялар нарығының дамуына нормативтік база мен стандарттардағы өзгерістердің әсерін түсіну үшін әдебиеттерге шолу жасалды. Мұндай әдебиеттік шолулар жасыл облигациялар нарығының экологиялық және қаржылық әсерін бағалауда, осы саладағы болашақ оқиғаларды түсінуде және тұрақты инвестицияларды ынталандыруға үлес қосуда маңызды рөл атқарады деп айтуға болады. Ағымдағы жағдайда, жасыл облигациялардың эмиссиясының көлемін және халықаралық ауқымдағы қаржыландырудың маңыздылығын ескере отырып, тұрақтылық облигациялары аясындағы жасыл облигациялар нарығы маңызды функцияны орындауды жалғастырады және болашақта одан әрі өседі деп күтілуде.

Кілтті сөздер: тұрақтылық, климат, тұрақты қаржы, жасыл облигациялар, жасыл облигациялар нарығы, эмиссия.

Кіріспе

Тұрақтылық аясында климаттық өзгерістердің зиянды әсерлеріне қарсы әзірленген жобаларды қаржыландыру үшін қолданылатын тұрақтылық облигациялары және әсіресе жасыл облигациялар соңғы уақытта тез таралуда. Жасыл облигациялар – бұл климатқа немесе қоршаған ортаға байланысты жобаларға арнайы капитал ұсыну үшін шығарылған борыштық бағалы қағаздар [1]. Басқа анықтамаға сәйкес, «жасыл облигациялар» сатудан түскен түсім толығымен немесе ішінара жаңа немесе қолданыстағы «нақты» жасыл жобаларды қаржыландыру мақсатында пайдаланылатын облигациялардың барлық түрлерін білдіреді [2]. Екі анықтаманың да ортақ және маңызды аспектісі-облигацияларды сатудан түскен қаражат белгілі бір мақсатқа бөлінеді. Осы нақты мақсаттарды анықтау және халықаралық стандартты белгілеу мақсатында, сондай-ақ қаржыландырудың осы әдісінің тез таралуына байланысты қажетті ережелер мен тиісті тетіктер халықаралық және ұлттық негізде құрылды және әлі де әзірленуде. Hadaş-Dyduch M. және т.б.(2022), Ning Y. және т.б. (2023) жасыл облигациялар экологиялық тұрақтылықты қолдаудың және жасыл жобаларды қаржыландырудың тиімді қаржы құралы болып табылатынын мәлімдейді [3; 4].

Жасыл облигациялар – бұл Дүниежүзілік Банктің тұжырымдамасы, ол негізінен 2010 жылдың соңында енгізілген, көмірқышқыл газының жоғары шығарындыларын қалпына келтіру және климаттың өзгеруін болдырмау мақсатында жасалған [5]. Жасыл облигациялардың іргелі көрсеткіштеріне сәйкес, жобалар жасыл энергетиканы дамытуға [6], қауымдастықтардың жасыл энергия сыйымдылығын арттыруға [7], қалдықтарды азайтуға [8], экологиялық таза тасымалдауға және климаттың өзгеруін тұрақты басқаруға [9] бағытталған жасыл облигациялар арқылы мүкият бағаланады және қаржыландырылады. Жасыл облигациялар қарызды қаржыландыру құралы сияқты кәдімгі қарыз құралы болып табылады. Бұл облигациялар сондай-ақ пайыздық мөлшерлемен және пайызсыз, сондай-ақ эмитент-ұйымдардың қарыздарын өтеу, сондай-ақ айналысқа шығу немесе айналысқа түспеу туралы әртүрлі ережелерімен саудаланады.

Жасыл облигациялар нарығының дамуы мен маңыздылығы қаржылық әдебиетте кеңінен назар аударды және бірқатар маңызды зерттеулер жасалуда. Жасыл облигациялар қоршаған ортаға кері әсерді азайтқысы келетін және жасыл инфрақұрылым жобаларын қаржыландырғысы келетін инвесторлар үшін тартымды нұсқа ұсынады. Осы тұрғыда Bhutta U.S. және т.б. (2022) жасыл облигациялар инвесторлар үшін экологиялық және қаржылық артықшылықтар беретінін мәлімдеп, бұл облигациялардың тұрақтылықты қолдау арқылы жасыл жобаларды қаржыландыруды

арттыру үшін әлеуетіне баса назар аударады [10]. Болашақ перспективалар тұрғысынан жасыл облигациялар нарығының өсу әлеуеті мен маңыздылығы біртіндеп артып келеді. Jankovic I. және т.б.(2022), жасыл облигацияларды шығаратын компаниялар мен мемлекеттердің экологиялық көрсеткіштерін бақылау және есеп беру міндеттемесі жасыл облигациялар нарығының ашықтығын арттыру үшін маңызды қадам болып табылады деп мәлімдейді [11]. Осылайша, болашақта жасыл облигациялар нарығы сенімді және ашық құрылымға ие болады деп болжануда. Сонымен қатар, Рука М. (2023) зерттеуі қаржылық институттар арасындағы ынтымақтастық пен жасыл облигация стандарттарының эволюциясы нарықтың болашақта одан әрі өсетінін көрсетеді [12]. Бұл болашақта жасыл облигациялар нарығының кеңірек қабылдануы мен қолданылуына деген үмітті күшейтеді.

Материалдар мен әдістер.

Бұл зерттеуде әлемде жасыл облигациялардың нарығы мен негізгі ерекшеліктері қарастырылды. Осы тақырып бойынша бүгінгі күнге дейін жинақталған кейбір деректер талданып, әлемдегі жасыл облигациялар нарықтарының дамуы мен ағымдағы жағдайы туралы бағалаулар жасалды. Зерттеу сонымен қатар жасыл облигацияларды дәстүрлі облигациялармен салыстырады. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері және Climate Bonds Initiative [13] ұйымының статистикалық есептері болып табылады. Мақалада талдау, индукция және дедукция, салыстырмалы талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Жасыл облигациялар 2007-2008 жылдар аралығында Еуропалық Инвестициялық Банк (ЕИБ) мен Дүниежүзілік Банктің алғашқы жасыл облигациялар шығарылымымен қарыз алу нарығында кең таралған құралға айналды. Оны алғаш рет 2007 жылы ЕИБ «Климат туралы хабардар болу облигациялары» (Climate Awareness Bonds) белгісімен 807 млн АҚШ доллары көлемінде шығарды, 2008 жылдың қарашасында Дүниежүзілік банк швед зейнетақы қорларының климатқа бағытталған инвестициялық сұраныстары мен жобалық ұсыныстарына жауап ретінде 2,3 миллиард швед кронасы көлемінде жасыл облигациялар эмиссиялады [1]. Келесі кезеңде көпжақты даму банктері 2012 жылға дейін жасыл облигациялардың ірі эмитенттері болды, ал осы кезеңнен кейін корпоративтік сектордың жасыл облигацияларының шығарылымы басталды. Бұдан былай жасыл облигациялар эмиссиясының көбеюін қолдаған ең маңызды оқиғалар климаттың өзгеруі туралы ғылыми зерттеулер нәтижесінде мемлекеттер мен компаниялар жасаған хабардарлық және осы салаға қажетті инвестициялардың өмірлік маңыздылығы мен көлемі болды. Климат өзгерісінің жағымсыз әсерлерін

шешудің жекелеген елдер емес, тек халықаралық платформада жасалуы мүмкін екендігі халықаралық ұйымдар, әсіресе Біріккен Ұлттар Ұйымы қолданатын қаржыландыру түрі ретінде жасыл облигацияларды күн тәртібіне шығарды. Жасыл облигациялар әдетте келесі жобалар түрлерін қаржыландыру үшін қолданылады [14]:

- Энергия тиімділігін арттыру жобалары
- Жаңартылатын энергия жобалары
- Ластанудың алдын алу және бақылау жобалары
- Табиғи ресурстарды тұрақты басқару жобалары
- Таза тасымалдау жобалары
- Ағынды суларды және суды басқару жобалары
- Жасыл құрылыс жобалары

Жасыл облигациялар нарығында, әсіресе Халықаралық Капитал Нарықтары Қауымдастығында (International Capital Markets Association-ICMA) қалыптасқан және басқа да көптеген ұйымдар қабылдаған «Жасыл Облигациялар Қағидаттары» негізінен келесі төрт айдар бойынша топтастырылған [2]:

Эмиссиядан алынған қаражатты пайдалану: жасыл облигациялардың маңызды элементтерінің бірі облигацияларды сатудан түскен қаражатты тиісті жасыл жобаларға пайдалану болып табылады және бұл облигациялардың тиісті құжаттарында нақты көрсетілген. «Жасыл» жобалардың тиісті санаттары «Жасыл Облигациялар Қағидаттары»нда көрсетілген.


Жобаны таңдау: Эмитент өзінің тұрақты даму мақсаттарын және жобаның аталған санаттарға және осы мақсаттарға сәйкестігін түсіндіреді.

Эмиссиядан алынған қорды басқару: жасыл облигациядан алынған таза кірісті жобаны белгілі бір мақсатта пайдалануға бөлу және өтеу мерзімі аяқталғанға дейін қалған таза сомаларды мезгіл-мезгіл жеке шотта бақылау ұсынылады.

Есеп беру: Эмитенттер мерзім аяқталғанға дейін бөлінген сомалар туралы, осы сомалар пайдаланылатын жобалардың тізімі туралы, сондай-ақ жобалар туралы және олардың күтілетін әсерлері туралы жыл сайынғы негізде есеп беруге міндетті.

Жасыл облигациялар соңғы кездері елдердің күн тәртібінде маңызды орынға ие болған климаттың өзгеруі мен қоршаған ортаны қорғау мақсаттарына қызмет ететіндіктен, олардың танымалдығы артып келеді, сонымен қатар жасыл облигациялар нарығының қарқынды дамып келе жатқаны байқалады. Осы тұрғыда жаһандық жасыл облигациялардың шығарылымы 2021 жылы 560 млрд АҚШ доллары, 2022 жылы 508 миллиард млрд АҚШ доллары, 2023 жылдың алғашқы 6 айында шамамен 310 млрд


АҚШ долларын құрайды (1-сурет). Соңғы 3 жылда жасыл облигациялардың эмиссиясы айтарлықтай қарқынмен өскен. 2022 жылғы көрсеткішті 2014 жылмен салыстырғанда 13 есе жоғары көркеткішке ие.



Сурет 1 – Ғаламдық жасыл облигациялардың эмиссиялары
Дереккөз: [13] негізінде автор құрастырған.

Жылдам өсіп келе жатқанына қарамастан, жасыл облигациялардың әлемдік облигациялар нарықтарында салыстырмалы түрде үлесі өте төмен. Жеке сектор мен мемлекеттік сектордан тұратын жалпы әлемдік облигациялар нарығының көлемі 2022 жылы 133 триллион АҚШ долларын құрады. Ал жаһандық жасыл облигациялардың жалпы көлемі 2022 жылы шамамен 2,5 триллион долларға жетті [2]. Осы тұрғыдан алғанда, жасыл облигациялар нарығының жалпы әлемдік облигациялар нарығындағы үлесі 1,8 %-ын ғана құрайды.

Жасыл облигацияларды эмитент елдер бойынша қарастырған кезде, 2014 және 2022 жылдар аралығында Америка Құрама Штаттары 380 миллиард АҚШ долларымен жасыл облигацияларды шығару бойынша көшбасшы ел болды. Рейтингте Қытай екінші, Германия үшінші орында. Франция төртінші орынды иеленеді (2-сурет).



Сурет 2 – 2014 және 2022 жылдар аралығында шығарылған жасыл облигациялардың елдер бойынша жиынтық құны (млрд АҚШ доллары)
Дереккөз: [15] негізінде автор құрастырған.

Ал 2022 жылы Қытай әлем бойынша ең көп жасыл облигациялар эмиссиялаған ел болды. Қытайда шығарылған жасыл облигациялар 85 млрд АҚШ долларын құрады. Рейтингде екінші орында АҚШ 64,4 млрд АҚШ доллары, үшінші Германия 61,2 миллиард АҚШ доллары көлемінде жасыл облигациялар шығарған елдер қатарында (1-кесте). Ал Қазақстан нарығында ең алғаш жасыл облигацияларды 2020 жылы АІХ биржасында шығарылды. Қазіргі таңда Қазақстанда шамамен 150,2 млрд тенгеге жасыл облигациялар мен жасыл несиелер шығарылды. Жасыл қаржы құралдарының ірі эмитенттері халықаралық қаржы институттары (Азия даму банкі, Еуразиялық даму банкі), энергетикалық компаниялар («Самұрық-Энерго» АҚ және «KEGOC» АҚ), мемлекеттің қатысуымен отандық қаржы институттары («Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Даму» кәсіпкерлік даму қоры), жергілікті жеке қаржы институттары (Халық банкі) болып табылады [16].

Жасыл облигациялар эмиссиясы бойынша жетекші аймақ болып табылатын Еуропалық Одақ климаттың өзгеруінің жағымсыз әсерлерімен күресу арқылы осыған байланысты қабылдануы тиіс түбегейлі шараларды қаржыландыруда жетекші рөл атқарады. ЕО-ның ұзақ мерзімді мақсаты-Еуропа континентінің 2050 жылға қарай бірінші экологиялық үйлесімді континентке айналуын қамтамасыз ету. Бұдан басқа, БҰҰ-ның 2050 жылға дейінгі «БҰҰ-ның Тұрақты Даму Мақсаттары» шеңберінде Еуропаны табиғи

ресурстарды қорғайтын және өсу мен дамуды тұрақты түрде көрсететін орынға айналдыруға үлес қосу және оның инфрақұрылымын дайындау болып табылады.

Кесте 1 – 2022 жылғы эмиссияланған жасыл облигациялар бойынша ең ірілер көрсеткіші (млрд АҚШ доллары)

Шығарылым көлемі бойынша алғашқы 3 ел:	Ең ірі 3 эмитент:	Қаржылық емес сектордағы ең ірі эмитенттер:
Қытай – 85,4 млрд АҚШ доллары (18 %)	Еуропалық Одақ – 26 млрд АҚШ доллары	China Three Gorges корпорациясы, Қытай (жаңартылатын көздер) – 5,1 млрд АҚШ доллары
АҚШ – 64,4 млрд АҚШ доллары (13 %)	Еуропалық инвестициялық банк – 14,5 млрд АҚШ доллары	Орстед, Дания (жаңартылатын көздер) – 4 млрд АҚШ доллары
Германия – 61,2 млрд АҚШ доллары (13 %)	Германия Федеративтік Республикасы – 14,3 млрд АҚШ доллары	Ибердрола, Испания (жаңартылатын көздер) – 3,1 млрд АҚШ доллары

Дереккөз: [16].

Жасыл облигациялар бойынша зерттеулер көрсеткендей және нарық қатысушыларының пікірінше, жасыл облигациялардың бастапқы нарықта әдетте жоғары бағамен сатылатындығы және инвесторларды тарту фактісі осы облигациялардың қайталама нарығының өнімділігі мен икемділігіне байланысты. Екінші жағынан, осы ерекшеліктерімен эмитент үшін тиімді болып табылатын жасыл облигациялардың қайталама нарықтағы өтімділігі дәстүрлі облигацияларға қарағанда әлдеқайда төмен екендігі назар аудартады (2-кесте).

Кесте 2 – Дәстүрлі облигациялар мен жасыл облигацияларды салыстыру

Факторлар	Дәстүрлі облигациялар	Жасыл облигациялар
Инвестициялық шешімге әсер ететін негізгі факторлар	Өтелу мерзімі Купондық мөлшерлеме (сату бағасы) Қайталама нарықтағы өтімділік	Қаржыландырылған жасыл жобаның әлеуетті оң экологиялық үлесі, ESG факторларына үйлесімділігі

Нарық қатысушылары/ мүдделі тараптар	Эмиссиялық институттар, инвесторлар Қор биржасы/делдалдық мекемелер	Эмиссиялық ұйымдар, Сыртқы рецензенттер, делдалдық ұйымдар Индекс (ESG) ұйымдары мен инвесторлар
Бастапқы нарықта бағаның қалыптасуы	Қаржы нарығындағы басқа активтер сияқты сұраныс пен ұсыныс шарттарына бағынады.	Тұрақты және премиум бағалар (Greenium) Әсіресе, трансұлттық ұйымдар мен жеке компаниялар Эмиссияда жоғары баға
Екінші нарықтағы операциялар	Өтімділік нарық жағдайына және активке байланысты Өзгермелі/қалыпты деңгей	Өтімділік төмен, әдетте өтеуге дейін ұсталады
Облигацияларды сағудан түскен түсімдерді пайдалану	Қаржылық қажеттілікті қанағаттандыру үшін (себептеріне қарамастан)	Белгілі бір мақсат үшін және белгілі бір шығындар үшін инвесторға алдын- ала хабарланады

Дереккөз: Әдебиеттер негізінде автор құрастырған.

Қорытынды

Бұл зерттеу жасыл облигациялар нарығының ағымдағы жағдайын және болашақ перспективаларын бағалау үшін жүргізілді. Жасыл облигациялар нарығы экологиялық тұрақтылықты қолдаудағы және жасыл жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз етудегі рөліне байланысты маңызды қаржы құралы ретінде ерекшеленеді. Осы тұрғыда болашақ даму бойынша кейбір ұсыныстарға назар аударуға болады. Біріншіден, нормативтік-құқықтық базаны одан әрі нақтылау және стандарттарды толығырақ белгілеу қажет. Бұл қадам жасыл облигациялар нарығының ашықтығын арттырып, инвесторлардың сенімін нығайта түседі. Сонымен қатар, қаржы институттары арасындағы ынтымақтастықты қолдау жасыл жобаларға инвестицияларды ұлғайта алады және тұрақтылық мақсаттарына жету үшін күш-жігерді күшейтеді. Тағы бір маңызды ұсыныс – халықаралық ынтымақтастықты нығайту. Бұл жасыл облигациялар нарығын кеңірек жаһандық қабылдауға және әртүрлі географиялық инвесторлардың қатысуын арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, білім беру және түсіндіру науқандарын тиімдірек жүргізу қажет. Егер инвесторлар мен компаниялар жасыл облигациялардың әлеуеті туралы хабардар болса, олар осы саладағы инвестицияларды арттырып, тұрақтылық мақсатына тиімдірек қызмет ете алады. Осы ұсыныстарды біріктіру болашақта неғұрлым тиімді және тұрақты қаржы құралы ретінде жасыл облигациялар нарығының дамуына ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 World Bank (2015). What Are Green Bonds. The World Bank Treasury [Электронды ресурс]: <https://www.worldbank.org/en/topic/climatechange/brief/what-are-green-bonds> (қарау күні: 05.01.2023)
- 2 International Capital Markets Association. Bond Market Size [Электронды ресурс]: <https://www.icmagroup.org/market-practice-and-regulatory-policy/secondary-markets/bond-market-size/> (қарау күні: 05.01.2023)
- 3 **Hadaś-Dyduch M. et al.** Green Bonds as an Instrument for Financing Ecological Investments in the V4 Countries //Sustainability. – 2022. – Т. 14. – № 19. – С. 12188.
- 4 **Ning Y. et al.** Green bond as a new determinant of sustainable green financing, energy efficiency investment, and economic growth: a global perspective //Environmental Science and Pollution Research. – 2023. – Т. 30. – № 22. – С. 61324-61339.
- 5 **Zhou X., Cui Y.** Green bonds, corporate performance, and corporate social responsibility //Sustainability. – 2019. – Т. 11. – № 23. – С. 6881.
- 6 **Maltais A., Nykvist B.** Understanding the role of green bonds in advancing sustainability //Journal of Sustainable Finance & Investment. – 2020. – С. 1-20.
- 7 **Tang D. Y., Zhang Y.** Do shareholders benefit from green bonds? // Journal of Corporate Finance. – 2020. – Т. 61. – С. 101427.
- 8 **Wiśniewski M., Zieliński J.** Green bonds as an innovative sovereign financial instrument //Ekonomia i Prawo. Economics and Law. – 2019. – Т. 18. – № 1. – С. 83-96.
- 9 **Flammer C.** Corporate green bonds //Journal of financial economics. – 2021. – Т. 142. – № 2. – С. 499-516.
- 10 **Bhutta U. S. et al.** Green bonds for sustainable development: Review of literature on development and impact of green bonds //Technological Forecasting and Social Change. – 2022. – Т. 175. – С. 121378.
- 11 **Jankovic I., Vasic V., Kovacevic V.** Does transparency matter? Evidence from panel analysis of the EU government green bonds //Energy Economics. – 2022. – Т. 114. – С. 106325.
- 12 **Pyka M.** The EU Green Bond Standard: A Plausible Response to the Deficiencies of the EU Green Bond Market? //European Business Organization Law Review. – 2023. – С. 1-21.
- 13 Climate Bonds Initiative [Электронды ресурс]. – <https://www.climatebonds.net/market/data/> (қарау күні: 05.01.2023)

14 **Сыздыкова, А. О., Масадиков Х. Г.** Предложения по стимулированию зеленых облигаций в Казахстане // Экономическая серия вестника ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – 2021. – №3. – С.193-200.

15 Statista [Электронды ресурс]. – <https://www.statista.com/statistics> (қарау күні: 05.01.2023)

16 AIFC. Green finance market in Kazakhstan [Электронды ресурс]. – <https://aifc.kz/en/news/green-finance-market-in-kazakhstan> (қарау күні: 05.01.2023)

REFERENCES

1 World Bank (2015). What Are Green Bonds. The World Bank Treasury [Electronic resource]: <https://www.worldbank.org/en/topic/climatechange/brief/what-are-green-bonds> (Date of access: 05.01.2023)

2 International Capital Markets Association. Bond Market Size [Electronic resource]: <https://www.icmagroup.org/market-practice-and-regulatory-policy/secondary-markets/bond-market-size/> (Date of access: 05.01.2023)

3 **Hadaś-Dyduch M. et al.** Green Bonds as an Instrument for Financing Ecological Investments in the V4 Countries // Sustainability. – 2022. – Т. 14. – № 19. – С. 12188.

4 **Ning Y. et al.** Green bond as a new determinant of sustainable green financing, energy efficiency investment, and economic growth: a global perspective // Environmental Science and Pollution Research. – 2023. – Т. 30. – № 22. – С. 61324-61339.

5 **Zhou X., Cui Y.** Green bonds, corporate performance, and corporate social responsibility // Sustainability. – 2019. – Т. 11. – № 23. – С. 6881.

6 **Maltais A., Nykvist B.** Understanding the role of green bonds in advancing sustainability // Journal of Sustainable Finance & Investment. – 2020. – С. 1-20.

7 **Tang D. Y., Zhang Y.** Do shareholders benefit from green bonds? // Journal of Corporate Finance. – 2020. – Т. 61. – С. 101427.

8 **Wiśniewski M., Zieliński J.** Green bonds as an innovative sovereign financial instrument // Ekonomia i Prawo. Economics and Law. – 2019. – Т. 18. – № 1. – С. 83-96.

9 **Flammer C.** Corporate green bonds // Journal of financial economics. – 2021. – Т. 142. – № 2. – С. 499-516.

10 **Bhutta U. S. et al.** Green bonds for sustainable development: Review of literature on development and impact of green bonds // Technological Forecasting and Social Change. – 2022. – Т. 175. – С. 121378.

11 **Jankovic I., Vasic V., Kovacevic V.** Does transparency matter? Evidence from panel analysis of the EU government green bonds //Energy Economics. – 2022. – Т. 114. – С. 106325.

12 **Pyka M.** The EU Green Bond Standard: A Plausible Response to the Deficiencies of the EU Green Bond Market? //European Business Organization Law Review. – 2023. – С. 1–21.

13 Climate Bonds Initiative [Electronic resource]. – <https://www.climatebonds.net/market/data/> (Date of access: 05.01.2023)

14 **Syzdykova A. O., Massadikov K. G.** Predlozhenija po stimulirovaniju zelenyh obligacij v Kazahstane [Proposals to stimulate green bonds in Kazakhstan]. ECONOMIC Series of the Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. – 2021. – №3. – P.193-200.

15 Statista [Electronic resource]: <https://www.statista.com/statistics> (Date of access: 05.01.2023)

16 AIFC. Green finance market in Kazakhstan [Electronic resource]. – <https://aifc.kz/en/news/green-finance-market-in-kazakhstan> (Date of access: 05.01.2023)

02.02.24 ж. баспаға түсті.

06.02.24 ж. түзетулерімен түсті.

21.02.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. О. Сыздықова, Ж. К. Жетібаев*

Международный казахско-турецкий университет

имени Ходжи Ахмеда Ясави, Республика Казахстан, г. Туркестан.

Поступило в редакцию 02.02.24.

Поступило с исправлениями 06.02.24.

Принято в печать 21.02.24.

АНАЛИЗ РАЗВИТИЯ РЫНКА ЗЕЛЕННЫХ ОБЛИГАЦИЙ

Целью данного исследования является оценка текущего состояния рынка зеленых облигаций. Исследование, проведенное методом обзора литературы, рассматривает финансовые показатели «зеленых» облигаций, размер рынка, влияние на устойчивость и изменения в регулировании. Финансовая доходность зеленых облигаций изучалась с помощью научных исследований и финансовых отчетов в существующей литературе. При этом

представлена сводка исследований, проведенных с целью определения общей ситуации и тенденций роста рынка.

Вклад зеленых облигаций в достижение целей экологической и социальной устойчивости также стал предметом особого внимания. В этом контексте влияние зеленых облигаций на устойчивость обсуждается на основе доступной информации в литературе. Кроме того, был проведен обзор литературы, чтобы понять влияние изменений в нормативной базе и стандартах на развитие рынка зеленых облигаций. Можно сказать, что подобные обзоры литературы играют важную роль в оценке экологических и финансовых последствий рынка зеленых облигаций, понимании будущих событий в этой области и содействии продвижению устойчивых инвестиций. В текущей ситуации, учитывая размер выпусков зеленых облигаций и важность финансирования в международном масштабе, ожидается, что рынок зеленых облигаций в рамках облигаций устойчивого развития продолжит выполнять важную функцию и будет продолжать расти в будущем.

Ключевые слова: устойчивость, климат, устойчивое финансирование, зеленые облигации, рынок зеленых облигаций, эмиссия.

**A. Syzdykova, Zh. Zhetibayev*

International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi,
Republic of Kazakhstan, Turkestan.

Received 02.02.24.

Received in revised form 06.02.24.

Accepted for publication 21.02.24.

ANALYSIS OF THE DEVELOPMENT OF THE GREEN BOND MARKET

This research aims to evaluate the current status of the green bond market. The study, carried out by literature review method, addresses the financial performance of green bonds, market size, sustainability impacts and regulatory changes. The financial returns of green bonds have been examined through academic studies and financial reports in the existing literature. At the same time, a summary of the studies carried out to determine the general situation and growth trends in the market is presented.

The contribution of green bonds to environmental and social sustainability goals has also been a particular area of emphasis. In this context, the effects of green bonds on sustainability are discussed based on the available information in the literature. Additionally, a literature review was conducted to understand the effects of changes in the regulatory framework and standards on the development of the green bond market. It can be said that such literature reviews play an important role in evaluating the environmental and financial impacts of the green bond market, understanding future developments in this field and contributing to the promotion of sustainable investments. In the current situation, considering the size of green bond issuances and the importance of financing on an international scale, it is anticipated that the green bond market within sustainability bonds will continue to fulfill an important function and grow further in the future.

Keywords: sustainability, climate, sustainable finance, green bonds, green bond market, emission.

Теруге 01.03.2024 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,04 Мб RAM

Шартты баспа табағы 17,4

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4199

Сдано в набор 01.03.2024 г. Подписано в печать 29.03.2024 г.

Электронное издание

5,04 Мб RAM

Усл.п.л. 17,4. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 4199

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz

www.vestnik-economic.tou.edu.kz